


**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
2018-2020 жылдарға арналған  
ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ**



www.7oom.ru

**Алматы 2018**

## МАЗМҰНЫ

1	КІРІСПЕ.....	3
2	МИССИЯ, ҰСТАНЫМ, МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР.....	5
	Миссия.....	5
	Ұстаным.....	5
	Мақсаттар, міндеттер.....	5
3	УНИВЕРСИТЕТТЕГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ТАЛДАУЫ.....	6
4	МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР.....	8
5	2018-2020 жылдарға арналған негізгі іс-шаралар.....	9
6	ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР МЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ ТІЗІМДЕРІ.....	15

## КІРІСПЕ

Жоғары білім беруді **интернационалдандыру** студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық деңгейі, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын интернационалдандыру, аймақтық және халықаралық жоғары оқу орындарында желілерді құруымен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақстандық ЖОО-да білім беру сапасын көтеру мақсатында Білім және ғылым министрлігінде үлкен жұмыстар атқарылуда. Күн тәртібіндегі басты мәселе – білім саласындағы қызметтерді дамытуға серпін тигізетін отандық ЖОО-ның академиялық еркіндігі принциптерін енгізу.

Қазақстан Орталық Азияның білім беру орталығы болуға ұмтылады. Мұндай бастама 2025 жылға дейін республиканың стратегиялық даму жоспарында қамтылған. Стратегиялық жоспар 2018 жылы 15 ақпанда Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен бекітілген. Жоспар бойынша Қазақстанда шетелдік студенттерді отандық ЖОО-на тарту жұмыстары жүргізілетін болады.

Жобада шетелдік серіктестермен кең ауқымды түрде бірге жұмыс жасау болжануда: бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу, шетелдік оқытушыларды, топ-менеджерлерді және студенттерді тарту, ғылыми жобаларды жүзеге асыру, серіктестердің университет басшылығына қатысуы, әлемдік университеттердің кампустарын ашу.

Бұдан басқа шет елде қазақстандық форумдар, көрме және қазақстандық білім күндерін өткізу тәжірибесі жалғасады (талапкерлерді тарту үшін үлкен әлеуеті бар елдерде). Ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларының саны мен оқытатын мамандарды даярлауға арналған гранттар көбейтіледі, ағылшын тілінде оқытатын оқытушылар құрамының біліктілігі артады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдар ағылшын тілінде әзірленеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда 12 880 шетел студенттері білім алуда. Білім және ғылым министрлігі 2020 жылға дейін шетелдік студенттерінің санын 50 мыңға арттыру міндетін қойды.

Халықаралық тәжірибеде жоғары білім беру жүйесіндегі интернационалдандыру тұжырымдамасы дәстүрлі түрде екі аспектіні қамтиды: «ішкі» интернационалдандыру (өз еліміздегі интернационалдандыру) және «сыртқы» интернационалдандыру немесе шетелде білім алу, еларалық білім беру, трансшекаралық білім беру (шетелде білім алу, трансшекаралық білім беру).

Интернационалдандырудың күмәнсіз артықшылықтары - халықаралық сапа стандарттарының пайда болуы және жоғары білімнің инновациялығын арттыру, жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру, білімнің әмбебаптығы, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту, академиялық және студенттік ұтқырлықты күшейту болып саналады.

Қазақстандық жоғары білімді өңірлік деңгейде интернационалдандыру еуропалық түсінікте маңызды оқиғамен теңелді - Қазақстан Болон процесіне қосылып, оның 47-ші қатысушысы атанды.

Болон процесіне қосылу үдерісі 8 жыл бойы дайындалудан басталды және қазіргі таңда бүгінгі кейбір көрсеткіштер бойынша, мысалы PhD докторанттарын үшінші

деңгейлі жоғары білім ретінде енгізу арқылы Қазақстан бірқатар еуропалық елдерден, соның ішінде Ресей Федерациясынан алда келеді.

Интернационалдандыру стратегиясын әзірлеу – АЭЖБУ-нің әлемдегі жылдам өзгеретін жағдайларға төтеп беру қажеттілігі. Бұл Стратегия Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына «НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА ЖОЛ» Жолдауына сәйкес әзірленген; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауы. «Қазақстан жаңа жаһандық шындықта: өсу, реформалар, даму; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауы.«Қазақстанның үшінші модернизациясы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»;

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 6 мамырдағы «Ұлттың жоспары - бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудың нақты 100 қадамдары»; 2014 жылғы 1 тамыздағы 2015 - 2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы; 2016 жылғы 1 наурыздағы 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; 2015 жылғы қарашадағы 2015-2020 жылдарға арналған үш тілде білім беруді дамытудың жоспары.

Алматы энергетика және байланыс университетінің 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы университеттің интернационалдандыру саласындағы өзгерістерді қамтитын өзара іс-қимылдардың жиынтығы болып табылатын іргелі бағдарламалық құжат болып табылады.

## **МИССИЯ**

Университет миссиясы - әлемдік интеграция мен жаһандану жағдайларына бейімделген елдің индустриалды-инновациялық дамуы үшін ұлттық экономиканың үздік зияткерлік ресурстарын және ең озық технологияларды қалыптастыру.

## **ҰСТАНЫМ**

2025 жылға қарай АЭЖБУ-энергетика, телекоммуникация, ақпараттық және аэроғарыштық технологиялар саласында Орталық Азиядағы алдыңғы қатарлы зерттеу университеті.

## **МАҚСАТТАР**

ЖОО - да ішкі және сыртқы интернационалдандыруды дамыту. Білім беру сапасын арттыру, халықаралық еңбек нарығында жұмыс істеу үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, түрлі халықтар мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті жақсарту, АЭЖБУ-нің халықаралық беделін арттыру. Университеттің интернационалдандыру стратегиясын дамыту басымдылықтары:

### **Басымдылық № 1 «Университеттің сыртқы интернационалдандыруы»**

#### **Тапсырмалар:**

- 1.1. Халықаралық академиялық ұтқырлығын дамыту.
- 1.2. Халықаралық білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалардың қатысуы және дамуы.
- 1.3. Халықаралық конференциялар мен іс-шараларға қатысу.
- 1.4. Халықаралық рейтингілерге қатысу.

### **Басымдылық № 2 «Университеттің ішкі интернационалдандыруы»**

#### **Тапсырмалар:**

- 2.1. Шетелдік студенттер мен қызметкерлерді тарту.
- 2.2. Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
- 2.3. Шетелдік студенттер үшін университет құрылымы мен қызмет көрсету сапасын жетілдіру.
- 2.4. Халықаралық беделді арттыру мақсатында халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру.
- 2.5. Профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлерінің біліктілігін және ағылшын тілін игеруді арттыру.

### **Басымдылық № 3 «Халықаралық ынтымақтастықты дамыту»**

#### **Тапсырмалар:**

- 3.1. Шетелдік ЖОО-мен келісім-шарттар мен меморандум жасау.
- 3.2. Шетелдік ғылыми орталықтар, ұйымдармен серіктестікті нығайту.

3.3. Жаһандық халықаралық бірлестіктер, желілер, конференциялар және консорциумдарға қосылу.

### **УНИВЕРСИТЕТТЕГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ТАЛДАУЫ**

АЭЖБУ-дің академиялық ұтқырлығы республикалық (12) және шетелдік (103) ЖОО-мен жасалған шарттар мен меморандумдар шеңберінде жүзеге асады. 2017 жылы ішкі академиялық ұтқырлық бойынша 4 аймақтық ЖОО-дан 17 студент бакалавриатқа қабылданды, ал АЭЖБУ-нің 3 студенті әріптес университетте семестр бойы білім алды.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жасалған халықаралық шарттар шеңберінде шетелдік ЖОО-да оқыған студенттер саны:

- 2014-2015 – 7 студент (4 магистрант, 3 бакалавр)
- 2015-2016 – 5 студент (2 магистрант, 3 бакалавр)
- 2016-2017 – 30 студент (4 магистрант, 26 бакалавр)

2017-2018 ж. АЭЖБУ-гі шетелдік студенттер саны 45-ті құрайды. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда шетелдік студенттер саны артқанын көрсетеді. Мысалы, 2016-2017 ж. қарай шетелдік студенттер саны 25 болды.

Шетелдік студенттер бойынша соңғы 4 жылда жасалған халықаралық шарттар саны мен қос дипломдық бағдарламаға қабылданған студенттер саны.

№ п/п	Оқу жылы	Шетелдік студенттер саны	Халықаралық шарттар саны	Қос дипломдық бағдарламаға қабылданған студенттер саны МЭИ-АЭЖБУ
1	2014-2015		16 шарт	141
2	2015-2016	31 студент	8 шарт	156
3	2016-2017	25 студент	19 шарт	140
4	2017-2018	45 студент	32шарт	135

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттер, магистранттар мен докторанттар жетекші әріптес университеттерде тағылымдамадан өтеді. Олардың қатарында Бирмингем университеті (Ұлыбритания), Саутгемптон университеті (Ұлыбритания), Берлин техникалық университетінің Авиация және Ғарышкерік институты (Германия), Рига техникалық университеті (Латвия Республикасы), Ангел Кынчен атындағы Русен университеті (Болгария), Белосток техникалық университеті (Польша), Томск политехникалық университеті (Ресей), Варна техникалық университеті (Болгария), Мәскеу энергетикалық институты (Ресей), Проф.Бонч-Бруевич атындағы Санкт-Петербург телекоммуникация университеті және т.б.

2016-2017 оқу жылдарында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 30 студент шет елде білім алды.

Интернационалдандыру бағдарламасы аясында университетте шетелдік студенттер білім алады, олардың үлесі университеттегі студенттердің жалпы санының 1 пайызын (%) құрайды.

2016 жылғы конкурс қорытындысы бойынша АЭЖБУ Erasmus Plus қос білім беру жобасына қатысады:

-Халықаралық жоба «ErasmusPlus» «Ғарыш кеңістігін және интеллектуалды роботты жүйелерді дамыту бойынша қолданбалы оқу бағдарламасы». Жоба үйлестірушісі: Берлин техникалық университеті.

Жобаның мақсаты: осы саладағы жаңа жетістіктерге және Еуропалық Одақтың Болон процесі мен 2020 Стратегиясына сәйкес еңбек нарығына сұранысқа қарай Қазақстан, Белоруссия және Ресейдің мақсатты ЖОО-да ғарыш кеңістігін және интеллектуалды робототехникалық жүйелерді дамытуға арналған жаңа қолданбалы оқу бағдарламаларын енгізу.

-«Erasmus Plus» халықаралық жобасы аясында «Инженерлік білім саласындағы инновациялық құзыреттілікті және кәсіпкерлік дағдыларын арттыру», «Инновациялық жүйелер» және «Инженерлік кәсіпкерлік» бағыттары бойынша жаңа магистрлік бағдарламалар әзірленетін болады. Жоба үйлестірушісі: Корольдік техникалық институт (Швеция).

-Жобаның мақсаты – серіктес елдерде жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құру, экономикалық дамуды қолдау үшін «Университет-іскерлік» ынтымақтастығы арқылы инженерлік білім беру саласындағы инновациялық құзыреттілік пен кәсіпкерлік дағдыларын арттыру.

ЖОО арасындағы инновациялық және кәсіпкерлік ынтымақтастықты дамыту арқылы Арменияда, Грузияда, Белоруссияда және Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдау, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жоғары білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету және коммерцияландыруды қамтамасыз ету, серіктес елдерде жаңа кәсіпорындарды, жаңа жұмыс орындарын құруды және экономикалық дамуды қолдау үшін «Университет-Бизнес» ынтымақтастығы арқылы инженерлік білім беру саласындағы инновациялық құзыреттер мен кәсіпкерлік дағдыларды арттыру.

2010 жылы АЭЖБУ Қазақстандағы бас ұйым ретінде Мәскеуде Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының университетін (ШЫҰ) құру туралы Меморандумға қол қойды. 2013 жылдан бастап ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Энергетика және IT-технологиялар саласындағы бірлескен бағдарлама бойынша келісімге сәйкес, АЭЖБУ энергетика саласындағы негізгі университет болып табылады.

## МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР

№ п/п	КӨРСЕТКІШТЕР	2017	2018	2019	2020
1.	Диплом немесе сертификат беру арқылы шетелдік ЖОО-мен қос дипломды білім берудің бірлескен білім беру бағдарламаларының саны.	2	3	4	5
2.	Күндізгі бөлімде оқитын бір студенттің академиялық ұтқырлық үлесі (кіріс және шығыс) (бакалавриат, магистратура, докторантура): Nскүнд./Скүнд.X 100%.	1%	1%	2%	3%
3.	Күндізгі бөлімде оқитын студенттер санына шетелдік студенттердің үлесі: Сшет./ Скүнд.X 100%.	1%	2%	3%	4%
4.	Дәріс оқуға, сабақ өткізуге шақырылған жалпы штаттағы шетелдік ПОҚ үлесі (2 кредиттен кем емес): ПОҚ шетелдік/ПОҚ шт.X 100%.	6%	6%	7%	9%
5.	Үш тілде білім беру бағдарламаларының үлесі.	17%	20%	25%	30%



## **2018-2020 жылдарға арналған негізгі іс-шаралар**

### **УНИВЕРСИТЕТТІҢ СЫРТҚЫ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУЫ**

#### **1.1. Халықаралық академиялық ұтқырлықты дамыту**

- 1.1.1. Erasmus Plus бағдарламасы шеңберінде Академиялық ұтқырлық, ЖОО-ның білім алушылары мен қызметкерлерінің, соның ішінде Еуроодақтың шетелдік университеттерімен тағылымдамалар бойынша келісім-шарттар санын арттыру.
- 1.1.2. Erasmus Plus бағдарламасы аясында қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы мен тағылымдамаларын , соның ішінде Еуроодақтың шетелдік университеттерімен арттыру.
- 1.1.3. Академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері бойынша студенттер мен қызметшілер арасында тұрақты семинарлар өткізу.
- 1.1.4. Кіріс ұтқырлығын арттыру үшін Орталық Азия және басқа дамушы елдермен академиялық ұтқырлық бойынша шарттар жасасу.
- 1.1.5. Университетте оқытылатын оқу бағдарламасына сәйкес келетін, ұтқырлық кезеңінде шетел университетінде оқу үшін пәндерді таңдау процедурасын әзірлеу.

#### **1.2. Ғылыми жобалар мен халықаралық білім бағдарламаларына қатысу және дамыту**

- 1.2.1. Оқу процесінің барлық негізгі элементтері келісілген (оқу жоспары, оқыту және бағалау әдістері, курстық мазмұнға қойылатын талаптар және мұғалімдер және т.б.) бірлескен білім беру бағдарламаларын қалыптастыру.
- 1.2.2. Университеттің шетелдік білім беру мекемелерімен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, соның ішінде Horizon - 2020; TEMPUS, Erasmus Plus, Герман академиялық алмасу қызметі (DAAD), Француз Альянсымен және т. б. Халықаралық бағдарламалар, жобалар, келісім-шарттар өтінімдерін дайындауға қатысуы.

- 1.2.3. Студенттер, магистранттар және PhD докторларын мемлекеттік бағдарламалар, ҚР кәсіпорындары мен ұйымдары және шетелдік келісім-шарттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге тарту.
- 1.2.4. Қос дипломдық білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.
- 1.2.5. Докторантураның халықаралық бағдарламалары мен мектебін дамыту.
- 1.2.6. Халықаралық қорларға (Erasmus Plus, Horizon - 2020, Дүниежүзілік банк, Азия банкі, ХҚДБ) жобаларды дайындау үшін ЖОО-ның ПОҚ және қызметкерлерін консультациялық қолдау және оқытуды ұйымдастыру.
- 1.2.7. Сапалы қаржыландырудың халықаралық көздеріне арналған жобаларды дайындау (қол қою) үшін ынталандыру жүйесін әзірлеу.
- 1.2.8. Horizon – 2020 халықаралық конкурстарына, жобаларға қатысу.

### **1.3. Халықаралық іс-шаралар мен конференцияларға қатысу**

- 1.3.1. Халықаралық конференциялар мен өзге де іс-шараларға қатысу үшін қызметкерлердің жағдайын жасау.
- 1.3.2. Университет қызметкерлерінің баяндамалары мен халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға және басқа да іс-шараларға қатысуы.
- 1.3.3. Университет студенттерінің халықаралық олимпиадаларға, чемпионаттарға, фестивальдарға және басқа да халықаралық шараларға қатысуы үшін жағдай жасау.
- 1.3.4. Халықаралық жобаларға, гранттарға, іс-шараларға, халықаралық конференцияларға қатысу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру жүйесін қалыптастыру.
- 1.3.5. Тағылымдама/тәжірибеден өтуге орын және ынтымақтастықты дамыту үшін қаражат беруге қабілетті жеке сектор кәсіпорындарымен өзара байланысты дамыту.

#### **1.4. Халықаралық рейтингілерге қатысу**

- 1.4.1. QS EЕСА рейтингісіне қатысуға өтінім.
- 1.4.2. Green Metrics рейтингісіне қатысуға өтінім.
- 1.4.3. Multirank рейтингісіне қатысуға өтінім.
- 1.4.4. Рейтингтерге табысты қатысу үшін іс-шаралар жобасын әзірлеу.

### **УНИВЕРСИТЕТТІҢ ІШКІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУЫ**

#### **2.1. Шетелдік қызметкерлер мен шетелдік студенттерді тарту**

- 2.1.1. Орталық Азияны қоса алғанда, студенттер санының артуы. Шетелдік студенттерді тарту бойынша агенттік шарттар жасау.
- 2.1.2. Шетелдік студенттерге арналған тиімді баға саясатын әзірлеу және білім беру қызметін дамыту үшін маркетингтік стратегияны дамыту.
- 2.1.3. Маркетингтік өнім әзірлеу, жарнамалар ағылшын және өзге де тілде, мысалы(қытай тілінде).
- 2.1.4. Ағылшын тілінде виртуалды тур жасау, видео-аудио жарнама, әлеуметтік желілердегі жарнама
- 2.1.5. Фэйсбук(Facebook) парақшасында, әлеуметтік желілерде «Study in AUPET», Инстаграм (Instagramm) парақшасында “International AUPET” блогын ашу.
- 2.1.6. Шетелдік білім беру көрмелеріне қатысу.
- 2.1.7. Оқу-бағдарламалық құжаттардың ағылшын тіліндегі нұсқасын жетілдіру және ағылшын тілінде өткізілетін пәндердің электронды тізімін құру.
- 2.1.8. Шетелдік ЖОО-да (Өзбекстан, Тәжікстан және т. б.) қабылдау комиссияларына қатысу.
- 2.1.9. Шетелден топ-менеджерлер мен ПОҚ тарту үшін университеттің ҚР БҒМ байқауларына қатысуын қамтамасыз ету.
- 2.1.10. Шет тілінде дәріс оқуға лекторлар мен мамандарды шақыру үшін жағдай жасау (модульдік оқыту, сыйақы жүйесі туралы ереже,

өмір сүру жағдай).

2.1.11. Шақырылған мамандар мен ғалымдар, лекторлардың жоспары мен тізімін жасау.

## **2.2. Қазіргі заманғы технологияларды пайдалану арқылы ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын дамыту**

2.2.1. Шет тілінде дайындықты кеңейтуге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

2.2.2. Бакалавриат және магистратура деңгейінде ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын құру.

2.2.3. Бакалаврларды, магистранттарды және докторанттарды ағылшын тілінде оқыту үшін оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу.

2.2.4. Ағылшын тілінде оқу бағдарламасы мен бакалавриат пәндерінің электронды базасын құру.

2.2.5. АЭЖБУ веб-сайтындағы өзекті ақпарат ағылшын тілінде, соның ішінде ағылшын тілінде оқыту мүмкіндіктері бойынша.

2.2.6. Жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарында басым бағыттар бойынша оқыту үшін АЭЖБУ кандидаттарын, докторанттарын, перспективті магистранттарын таңдау және ұсыну.

2.2.7. Халықаралық курстар мен бағдарламаларды АЭЖБУ аясында пайдалану мүмкіндіктері.

## **2.3. Шетелдік студенттер үшін университеттің құрылымы мен қызметтерін жетілдіру**

2.3.1. Шетел студенттерін АЭЖБУ сайтында қашықтықтан сұхбаттасу арқылы электронды түрде қабылдау мүмкіндігін ұйымдастыру.

2.3.2. Шетелдік студенттер үшін қызмет көрсетуді жетілдіру және халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық департаменті жанынан олармен жұмыс істеу үшін бөлім құру.

2.3.3. Шетелдік студенттерге арналған жатақханаларды жөндеу мен қызмет көрсету сапасын арттыру.

2.3.4. Жоғары курстардан еріктілерді тарта отырып, шетелдік студенттер үшін менторлар жүйесін дамыту.

2.3.5. Кері байланыс жүйесін дамыту, шетелдік студенттермен жүйелі түрде сауалнама жүргізу.

2.3.6. Шетелдік студенттерге негізгі пәндер бойынша дайындық курстарын енгізу.

2.3.7. Шетелдік студенттерді студенттік өзін-өзі басқару органдарына тарту.

## **2.4. Халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру**

- 2.4.1. Халықаралық жазғы мектептер ұйымдастыру.
- 2.4.2. Студенттер, магистранттар және докторанттардың қатысуымен компьютерлік интегралды микросхема жобасы бойынша халықаралық олимпиадалар ұйымдастыру.
- 2.4.3. Халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру.
- 2.4.4. Шетелдік ғалымдардың қатысуымен, оның ішінде бейнеконференция түрінде тұрақты ғылыми семинарлар ұйымдастыру.

## **2.5. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігі және ағылшын тілінен білімін арттыру**

- 2.5.1. Біліктілікті арттыру үшін қажетті курстар туралы ЖОО-ның ПОҚ және қызметкерлеріне үнемі сауалнама жүргізу.
- 2.5.2. Интернационалдандыру саласындағы академиялық персонал мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру жоспарын әзірлеу, қызметкерлерді біліктілікті арттыру мүмкіндіктері туралы үнемі хабардар ету.
- 2.5.3. Біліктілікті арттыру жөнінде семинарлар, курстар ұйымдастыру.
- 2.5.4. Ағылшын тілі бойынша университет оқытушылары мен мамандарының біліктілігін арттыру.
- 2.5.5. Студенттермен жұмыс жасау барысында шет тілдерін пайдаланатын университет қызметкерлерін қолдау жүйесі.
- 2.5.6. Университеттің ғылыми бөлімшелерінде өз қызметін жалғастыруды жоспарлап отырған перспективалы жас ғалымдарды қосымша ақпараттық және консультациялық қолдаумен қамтамасыз ету. Жоғары импакт-факторы бар рейтингтік халықаралық басылымдарда жарияланғаны үшін конкурстық негізде жыл сайын материалдық көтермелеу.

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ**

### **3.1. Жоғары оқу орынаралық ынтымақтастық**

- 3.1.1. Университет порталының белсенді жұмысын, кітапхана репозиториясын, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен YouTube-та белсенді қатысуын пайдалана отырып, АЭЖБУ шет елдерде үш тілде танымал ету.
- 3.1.2. Халықаралық ынтымақтастық саласындағы басқару құрылымын жетілдіру.
- 3.1.3. Әлемнің жетекші университеттерімен шарт жасасу.

### **3.2. Шетелдік ғылыми орталықтармен, кәсіпорындармен әріптестікті даму**

- 3.2.1. Ғылым саласындағы шетелдік көрме-жәрмеңкелік іс-шараларға қатысу.
- 3.2.2. Импакт-факторы жоғары рейтингілік журналдарда шет тіліндегі ғылыми басылымдар санын арттыру, соның ішінде, SCOPUS, Web of Science деректер базасына енгізілген басылымдар.
- 3.2.3. Шетел университеттерінің ғалымдарымен бірлескен басылымдар санын ұлғайту.
- 3.2.4. «АЭЖБУ хабаршысы» ғылыми журналын Scopus деректер базасына енгізу бойынша іс-шараларды әзірлеу.

### **3.3. Жаһандық халықаралық бірлестіктер, желілер, конференциялар, консорциумдарға қосылу.**

- 3.3.1. Халықаралық қауымдастыққа қосылу.
- 3.3.2. Халықаралық консорциумдарға қатысу.

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР МЕН ТЕРМИНДЕР ТІЗІМІ

**ҚР БҒМ** - ҚР Білім және ғылым министрлігі

**ҚР** - Қазақстан Республикасы

**ЖОО**-жоғарғы оқу орын

**ПОҚ**-профессор-оқытушылар құрамы

**ЕЖБА** - Еуропалық жоғары білім аймағы

**PhD** – PhD докторантура

**ХЫАҰД**- Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық департаменті

**ESTC** - Еуропалық трансферт және жинақтау жүйесі

**ШЫҰУ** - Шанхай ынтымақтастық ұйымының университеті